

**ИСЛАМ ДІНІНІҢ МЕККЕ  
КЕЗЕҢІНДЕГІ ПҰТҚА  
СЕНУШІЛЕР МЕН  
МҰСЫЛМАНДАР  
АРАСЫНДА  
ОРЫН АЛҒАН  
КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ  
САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК,  
ДІНИ СЕБЕПТЕРІ**

Ислам дінінің тарих сахнасына шығуы бұл діннің пайғамбары Мұхаммед с.ғ.а-ның өмірімен тікелей байланысты. Мұхаммед с.ғ.а 570 жылы Мекке қаласында Құрайыш тайпасы Хашым руының ақсақалы Әбдімүталіптің ұлы Абдолла мен Әминаның шаңырағында дүниеге келді [1, 18-б]. Мұхаммед с.ғ.а алғашқыда атасы Әбдімүталіптің қамқорлығында, кейін, әкесінің інісі Әбу Тәліптің қамқорлығында болып, оның тәрбиесінде өсті [2, 120-б]. Деректерде Мұхаммед с.ғ.а пайғамбар болмастан бұрын араб қоғамында дәстүрлі түрде өтетін пұттарға табыну мерекелеріне қатыспағандығы айтылады. Мұхаммед с.ғ.а 12 жасқа толғанда немере ағасы Әбу Тәліппен еріп сауда керуенімен Сирияға сапар шегіп барғанда кезіккен Бахира атты монах Мұхаммед с.ғ.а-нан Лат пен Ұза пұттарына көзқарасы туралы сұрағанда, Мұхаммед с.ғ.а пұтқа табынуды жек көретінін айтқан. Яғни, тарихи деректер оның жастық шағында ислам дініне қарсы ешқандай белгілердің жоқ екендігін алға тартады.

Сияр еңбектеріне қараған болсақ, Алладан уаһи алмай тұрып та Мұхаммед с.ғ.а-ның араб қоғамына қатысты дербес саяси, әлеуметтік, құқықтық көзқарастары болғанын аңғарамыз. Мысалы, Ибн Хишам Мұхаммед с.ғ.а 20 жасқа толғанда Меккеде Хилфул-фудул және Хилфул-силах қоғамдық ұйымдары құрылып, Мұхаммед с.ғ.а жастығына қарамай бұл қоғамдық ұйымдарды құрылуына ат салысқанын, сонымен бірге, Мекке қоғамында әділетсіздік орын алмауы үшін Хилфул-фудул ұйымының қабылдаған құқықтық ережелерінің жүзеге асуына барынша күш салғандығын жеткізеді [3, 43-46-бб].

Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы Меккедегі Құрайыш тайпасының өзге араб тайпаларынан анағұрлым өресі жоғары екенін паш ете алды. Әйтсе де Хилфул-фудул қоғамдық ұйымының құқықтық ережелеріне кейде Құрайыш тайпасының аристократтары мойынсұнғысы келмейтін. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул құқықтық ережелерінің қатаң сақталуы үшін өз тайпаластарының алпауыттарымен ымырасыз күресті. М.Хамидуллах: «Мұхаммед с.ғ.а мен Құрайыш алпауыты Әбужахилдің арасындағы дұшпандық ислам діні пайда болмастан бұрын Хилфул-фудул құқықтық ережелеріне Әбужахилдің мойынсұнғысы келмегендігінен туындады» [4, 52-55-бб] деген пікір білдіреді. Мұхаммед с.ғ.а Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға күш көрсетуші

өз тайпаласы болса да әділдік үшін өз туысымен дауласуға барып отырған. Хилфул-фудул құқықтық ережелері тікелей Мұхаммед с.ғ.а-ның көзқарасы болмағанмен, Хилфул-фудул ұйымының құрылуы және ұйымның құқықтық ережелерін түзуге, сондай-ақ, бұл ережелерді қоғам игілігіне пайдалануда, Мұхаммед с.ғ.а ерекше белсенді болғандықтан, Хилфул-фудулдың араб қоғамындағы атқарған рөлін Мұхаммед с.ғ.а-ның қоғамдық, саяси, құқықтық көзқарастары ретінде қабылдай аламыз.

Мұхаммед с.ғ.а ислам діні пайда болмастан бұрынғы араб қоғамындағы дәстүрлі тайпалық үрдістерден шет қала алмады. Ислам діні келместен бұрын араб тайпалары жылдың төрт айын қасиетті деп танып бұл айларда тайпалар көш-керуенді тонауға, барымта, шапқыншылық жасамауға уағдаласты. Алайда, бірін-бірі тонап кектесіп қалған араб тайпалары тыйым салынған төрт айда да бір-біріне шабуылдайтын. «Тиым салған айдамыз ғой дегендерге», «тиым салған айдың күшін жойдық немесе тыйым салған айды басқа айға ауыстырдық» деп сылтау айтып тонауын тоқтатпайтын [5, 430-431-бб]. Осындай тиым салған айларда Указ жәрмеңкесінде Құрайыш тайпасының одақтасы Кинан тайпасымен Қайс тайпасының арасында керуен тоналып, кісі өлімі болады. Кек алуға аттанған Қайс тайпасының жасақшылары Мекке түбінде Кинан тайпасына шабуыл жасайды. Құрайыш тайпасы өз одақтасы кинандықтарға болысып, Қайс жасақшылары мен соғысуға мәжбүр болған. Тарихта «Әл-Фиджар» деген атпен белгілі бұл шайқасқа Мұхаммед с.ғ.а да өз тайпасының мүддесі үшін қатысқан. «Әл-Фиджар» соғысы төрт рет болып, осының екеуіне Мұхаммед с.ғ.а-ның қатысқандығын М.Хамидуллаһ өз шығармасында баяндайды. «Әл-Фиджар» соғысында Мұхаммед с.ғ.а қарсы тайпаның бір адамын қаруымен жаралаған [4, 51-52-бб]. Түркиялық зерттеуші Рашит Хайламаздың дерегінде Мұхаммед с.ғ.а-ның ағаларына оқ жеткізіп оларды қалқан мен қорғағандығы айтылады [6, 126-127-бб]. Белгілі шығыстанушы В.С.Соловьевтің айтуына қарағанда «Әл-Фиджар» соғысында Құрайыш тайпасы Кинан емес, Хауазин тайпасымен соғысқан [7, 15-6].

Исламға дейінгі дәуірдегі қалыптасқан дәстүрлі тайпалық таным бойынша еркек адам қандай жағдай болмасын өз тайпасы үшін соғысуға міндетті болатын. Ш.Севержанның пікірінше, Мұхаммед с.ғ.а-ның «Әл-Фиджар» соғысында өз тайпасының жасағында болуы, оның с.ғ.а-ның араб қоғамының дәстүрлі танымынан шет

қалмағандығын көрсетеді, сондай-ақ, ол дәуірде арабтардың түсінігінде «тайпа» ұғымы «отан» ұғымына сай болып табылған [8, 40-44-бб]. Сондықтан, Мұхаммед с.ғ.а-ның «Әл-Фиджар» соғысына қатысуын өз тайпасы, яғни, өз отаны үшін күресті деп қабылдауға болады.

Мұхаммед с.ғ.а жасы 25 келгенде Меккенің бай саудагер әйелі Хадишаның жалшысы болып Сирияға сауда жасады. Кейін Хадишамен отбасын құрады [7, 13-6]. Мұхаммед с.ғ.а мекеліктер арасында аса шыншыл, адалдығымен, жомарттығымен, аманатқа қиянат жасамайтын турашылдығымен «Мұхаммед Әмин», яғни, сенімді Мұхаммед деген атпен танылды. [2, 122-6]. Зерттеуші Махмуд Шәкирдің айтуынша Мекке қаласының тұрғындары әрдайым Мұхаммед с.ғ.а-ның әділдігіне мойынсұнған. Даулы мәселелердің көпшілігі Мұхаммед с.ғ.а-ның төрелігімен шешіліп отырған [9, 51-52-бб]. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул құқықтық ережелерін негізге алып Меккеде орын алған әділетсіздікпен ұдайы күресіп, әлсіздердің жанашыры бола білген. Жалпы, Мұхаммед с.ғ.а-ның пайғамбар болғанға дейінгі өмірінен, оның кейінгі өмірлік ұстанымы, яғни, исламға қайшы келетін өрескелдікті көре алмаймыз.

610 жылы Мұхаммед с.ғ.а 40 жасқа толғанда өзіне Алладан пайғамбарлықтың берілгендігін паш етті [7, 20-6].

Мұхаммед с.ғ.а-ның өмірі және ислам тарихы туралы шығармаларда бірауыздан 610 жылы Мұхаммед с.ғ.а-ға Алладан уахитүскеннен кейін Мекке қаласында мұсылмандық қозғалыстың басталғаны баяндалады. Алғашқыда оның пайғамбарлығын жұбайы Хадиша, өзінің қамқорлығындағы Зайт пен туыс інісі Али және досы Әбу Бәкір ғана мойындады. Алладан өзіне келген жаңа діннің басты ерекшелігі сансыз қолдан жасалған ешқандай құдірет күшке ие емес пұттарды тәрк етіп, бір ғана Аллаға мойынсұну керек еді [10, 18-6]. Пұттардың ешқандай құдірет күш иесі емес екендігін сезінген Мұхаммед с.ғ.а-ның кейбір жақын туыстары екіленбестен жаңа дін исламды қабыл ете бастады [11, 58-66-бб]. В.С.Соловьевтің айтуынша, Мұхаммед с.ғ.а соңынан ерген алғашқы мұсылмандардың көпшілігі кедей және құл адамдар болған [7, 35-6]. В. Ирвингтің айтуына қарағанда алғашқы үш жылда Мұхаммед с.ғ.а-ның соңынан 40 адам ғана ерген [1, 45-6]. Үш жылдан кейін исламды жария түрде дәріптеу туралы Алладан Мұхаммед с.ғ.а-ға үкім түсті (Шұғара, 214-216). Мұхаммед с.ғ.а Әбдімүтәліптен тарайтын өз әулетін және Мекке халқын бірнеше қайтара исламға шақыр-

ғанмен, халықтың көпшілігі теріске шығарған. Р.Хайламаздың пікірінше туыстарының Мұхаммед с.ғ.а-ның соңынан ермеуінің себебі, олар алғашқыда ата-баба жолынан ауытқысы келмеген [6, 233-236-бб]. Мұхаммед с.ғ.а Мекке халқына исламды ашық түрде жария еткеннен кейін, пұтқа табынушы Құрайыш тайпасының аристократтары мұсылмандарды жаңа діннен бет бұруға мәжбүрлеуді қолға алды [12, 134-135-бб].

Али Химет Берки мен Осман Кескиоглуның көзқарасынша, Құрайыш тайпасы аристократтарының исламға жауығуына мынадай себептер түрткі болған:

1. Пұтқа табынушылар: «Егер ислам араб әлеміне қанат жайған жағдайда біз атақ абыройымыздан айырыламыз» деп, түсінді. Өйткені ислам тап айырмашылығын жойып, адамзат баласына теңдік әперетінін жариялады. Ислам діні бойынша Алла алдында алпауыт пен құл тең болды. Құрайыштық арабтар исламды қабылдап кедей-кепшік, құл-құтанмен теңескісі келмеді.

2. Құрайыштық арабтар негізінен саудасаттық пен күн-көретін. Мекке қаласы тек Хижаз аймағының ғана емес қағбаға 360 пұт орналасқандықтан бүкіл Араб түбегіндегі пұтқа табынушылар келетін орталық болатын. Қағбаға тәуап етушілерді баспанамен, ішіп-жеммен қамтамасыз етумен құрайыштықтар күн көретін. Құрайыштықтардың егер ислам пұттарды жойса, Мекке қасиетінен айырылып мұнда ешкім келмей қояды, бұдан біздің саудамыз тоқырап, күн-көрісіміз төмендейді деген қорқынышы болды.

3. Араб түбегінде пұтқа табынушылық бірнеше ғасырлардан бері тамыр жайған сенім еді. Хз. Ибрахим тұрғызған деген қасиетті қағбаны 360 пұтпен толтырып, арабтар бұл пұттарға табынатын. Көзін ашқаннан пұттарды тәңір деп сезінген арабтарға бір Аллаға сенуді дәріптейтін исламға кіру насихатталғанда алғашқы сенімдерінен айырылу қиынға соқты. Олар: «ата-бабаларымыз бұларға көнеден табынатын, біз қалай пұттарды тәрк етеміз» десті. Өйткені пұтқа табынушылық арабтарға ата-баба жолы болып қабылданып, қасаң дәстүр болып бекіген-ді.

4. Исламға дейінгі арабтардағы тайпалық дәстүр бойынша басшы болу үшін екі шарт талап етілетін. Бірінші шарт бойынша басшы болатын адам бай болуы тиіс. Екінші шарт бойынша басшы болатын адамның бала-шағасы көп болуы тиіс еді. Бұл шарттарға сай емес адамның басшы болуы екіталай еді. Арабтар әділ, ұйымдастыру қабілеті жоғары, мінез-құлқы көркем, басқаруға лайықты адам бар болса

да байлығы зор, ұрпағы көп адамды басшы етіп сайлайтын. Меккеліктер басшы болуға әрі бай, әрі ұрпағы үбірлі-шүбірлі Уәлид б. Мұғира, Халаф немесе Әбумасут Сакафиді лайық көретін. Ал, ислам жетекшісі Мұхаммед с.ғ.а-ның әл-әуқаты аса зор емес-ті. Хадиша анамыздан туған Қасым, Абдуллаһ, атты ұлдары, Зейнеп, Рухия, Үммі Гүлсім, Фатима атты қыздары болды. Алайда Мұхаммед с.ғ.а-ның ұлдары сәби кезінде шетінеп кетті. Бұны көрген Ас б. Уәли мен Әбужаһил: «Мұхаммедтен ұрпақ қалмады. Оның ізін басар тұяғы жоқ. Өзі өлсе, онымен бірге аты да затыда өшеді» деп қуанатын.

5. Меккедегі Құрайыш тайпасының ішіндегі Хашым руы мен Әмауи руы арасына бағзыдан келе жатқан бақталастық бар еді. Мұхаммед с.ғ.а-ның атасы Әбдімүтәліп Хашимилердің басшысы болып тұрғанда, Хашимилерге өзге рулар қысым көрсете алмайтын. Әбдімүтәліптен кейін Хашимилердің басшысы болған Әбутәліптің кезінде де Хашимилер Меккеде беделді саналды. Әбутәліптен кейін Хашим руына Әбулаһаб басшылық жасайды. Мұхаммедке с.ғ.а өз туыстарының ішінде айрықша қарсы тұрған осы мүшрік Әбулаһаб болатын. Әбулаһабтың исламға қарсы әрекеттері сол кездегі араб қоғамында қанат жайған трайбалистік түсінікке жат еді. Мұхаммед с.ғ.а-ның өзге туыстары пұтқа табынғанмен, Құрайыш мүшріктерінен Мұхаммед с.ғ.а-ды қызғыштай қорғайтын. Ал, Мұхаммед с.ғ.а немере інісі болса да Әбулаһаб оның әкелген жаңа дініне қарсы тұрып, пұтқа табынушылықты айнымас ата-баба жолы деп, танитын. Әбулаһабтың бұл әрекеті Құрайыш ішінде Әмауи руының мәртебесінің өсуіне негіз болды. Сонымен бірге, Құрайыш тішіндегі Мағзұм руы да Хашимилермен бақталас еді. Исламның қас дұшпаны болып саналған Уәлид б. Мұғира мен Әбужаһил Мағзұм руының басшылары болатын. Құрайыш мықтыларының исламды қабылдамауының бір себебі, егер Мұхаммеддің дініне кірсек Құрайыш билігі Хашимилерге өтеді деп, қауіптенді.

6. Алғаш рет ислам насихатталғанда Құрайыштықтар ислам мен христиан дінін бір деп білді. Құрайыштықтар христиандарды ұнатпайтын. Пұтқа табынушылардың христиандарды жеккөруі 570 жылы Меккедегі Қағбаны жойып, Араб түбегінде христиан дінін ұлық дін етемін деп, құрайыштықтарға шабуылдаған эфиопиялық Әбрахаттың агрессиясынан туындады. 614 жылы зорастаризм дініндегі Сасанидтер Сирияны христиан дініндегі византиялықтардан тартып алғанда, Құрайыштықтар қатты қуанды. Сондай-ақ, мұсылмандар алғашқы кезде христиан-

дарға да қасиетті саналатын Мешіт Ақсаға қарап намаз оқитын. Құрайыштықтар: «Егер ислам қанатын жаятын болса, Меккедегі Қағба емес, Құдыс қасиетті саналып, біздің күніміз қараң болады» – деп түсінді [11, 77-79-бб]. Құрайыш пұтқа табынушыларының ислам мен христиан дінін бір деп білуінің себебі, әсілі христиан діні де пұтқа табынушылыққа қарсы монотеистік дін болатын [13, 466 s.]

7. М.Хамидуллаһтың пікірінше Құрайыш аристократтарының кейбірі мен Мұхаммед с.ғ.а-ның арасында ескіден келе жатқан араздық, Құрайыш аристократтарының исламға қарсы шығуына себеп болған. Мұхаммед с.ғ.а Хил-фул-фудул қоғамдық ұйымына мүше кезінде Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға Әбу-Жаһил сынды алпауыттардың жасаған зорлығына қарсы тұрып, әрдайым олармен жанжалдасуға баратын. Мұхаммед с.ғ.а-ның әрдайым әлсіздердің жағында болуы Құрайыш алпауыттарына ұнай қоймайтын. Мұхаммед с.ғ.а жаңа ислам дінін паш етті дегенде, кейбір Құрайыш алпауыттарының ойланбастан қарсы келуінің бір себебі осында еді [4, 53-54-бб].

Ислам дінінің құқықтық үкімдерінің басым көпшілігі Мәдина дәуірінде қабылданғанмен, Мекке кезеңінде де кейбір адамгершілікке жат зина, өсімкорлық, бұзақылық, кісіге қиянат жасау, өтірік айту, өлексе малдың етін жеу, қан ішу секілді жаман әдеттерге тыйым салынды. Али Химет Берки мен Осман Кескиоглуның көзқарасынша мұндай тұрпайы әдеттер Құрайыштықтардың қанына сіңіп кеткендіктен, исламның бұл тыйымдары мүшіріктерге ауыр тиген [11, 80-81-бб].

Али Химет Берки мен Осман Кескиоглуның пайымдауынша алғашқыда Құрайыш алпауыттары мұсылмандардың бетін күшпен қайтаруды ойлаған. Мүшіріктер жалғыз жарым, жоқ-жітік, құл мен күң мұсылмандарды мүшіріктер аяусыз жазалап, олардың бірнешеуі ауыр жазаны көтере алмай қайтыс болды [11, 69-73-бб]. Ал, «Мұхаммед с.ғ.а-ның көзін жойсақ Хашимилермен бітпес дауға қаламыз» – деп қорыққан құрайыштықтар Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандық қозғалысты дипломатиялық жолмен тоқтатқысы келгенімен, олардың бұл әрекетінен ештеңе өнбеді [14, 64-65-бб].

Құрайыш аристократтарының мұсылмандық қозғалысты күшпен басып тастай алмауының себебі, Мұхаммед с.ғ.а-ның қамқоршысы Әбу Тәліп Меккедегі қасиетті қағбаға қызмет ететін және Мекке парламентінде аса жоғары

беделге ие еді. Құрайыштықтар мұсылмандық қозғалысты басып-жаншу үшін әуелі Әбу Тәліптің келісімін алуы шарт болатын. Ал, Әбу Тәліп туыс інісін қызғыштай қорғағандықтан, пұтқа табынушылар мұсылмандарды жаңа діннен баз кештіре алмады [15, 197-198-бб].

Құрайыш пұтқа табынушыларының ауыр азабынан мұсылмандарды сол кездегі араб қоғамындағы тайпалық дәстүрдің берік болуы аман сақтап қалды. Хашимилердің басым көпшілігі әлі исламды қабылдаса да өз туысқаны Мұхаммед с.ғ.а-ға қорған бола білді. Арабтар ол дәуірде пұтқа табынудан көрі туыскандықты жоғары қоятын. Мәдинаға көшкенге дейінгі Меккедегі 13 жыл ішінде Мұхаммед с.ғ.а-ның да жеке басының амандығына кепіл болған негізінен арабтардағы дәстүрлі тайпалық таным болды. Ш.Севержанның көзқарасынша Мұхаммед с.ғ.а исламдық миссияны атқаруда арабтардың дәстүрлі тайпалық танымын шебер пайдалана білген [8, 40-44-бб]. Әбу Тәліп пен хашимилердің Мұхаммед с.ғ.а-ға қорған болуы, Әбу-Жаһилдің Мұхаммед с.ғ.а-ға зорлық көрсеткен кезде хз. Хамзаның: «Менде мұсылманмын» деп оны жазалауы, [16, 524-525-бб] хз. Омардың Дарун-Надуаның бұйрығымен Мұхаммед с.ғ.а-ды өлтіремін деп келіп, бірақ онымен бетпе-бет келгенде исламды қабыл етуі [16, 526-529-бб], әлі мұсылман болмаған хз. Аббастың Ақаба келісінде Мұхаммед с.ғ.а-ның жеке басының амандығына Мәдина мұсылмандарынан уәде алуы [17, 99-100-бб] секілді оқиғалар Ш.Севержанның жоғарыдағы көзқарасының таихи шындыққа жанасатынын әйгілейді.

615 жылы Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштық пұтқа табынушылардан зорлық-зомбылық көрген қорғаушысы жоқ мұсылмандарды Эфиопияға көшірді. Сириялық М. Сайд Рамазан әл-Бутидің пікірінше, 5 әйел, 10 еркектен тұратын тұңғыш Меккеден көшуші мұсылмандарға Эфиопияны таңдауының себебі, Эфиопияның билеушісі христиан дініндегі әділдігімен аты шыққан На-жаси патша болатын. Жалпы, Меккеліктер бұрыннан Эфиопиямен етене жақын араласатын. Эфиопиялық христиандар пұтқа табынушылық сенімді жек көретін. Осындай тиімді себептерді негізге алған Мұхаммед с.ғ.а Меккеде ұдайы пұтқа табынушылардан жәбір көрген мұсылмандарды Эфиопияға көшіруге шешім қабылдады [18, 130-132-бб]. 617 жылы Мұхаммед с.ғ.а екінші рет Эфиопияға Құрайыштықтардан жәбір көрген 83 еркек пен 18 әйел мұсылманды көшірді [7, 38-бб]. Эфиопиялықтардың Меккеден көшкен мұсылмандарды қанатының астына алуы,

Құрайыш оппозициясын бей-жай қалдырмады. Құрайыштықтар Эфиопия патшасы Нажасиге елші жіберіп, мұсылмандарға пана болмауын өтінгенмен, Нажаси патша Құранда Мәриям ана мен Иса пайғамбарды мақтаған аяттардың бар екенін біліп мұсылмандарға қорған болды [18, 130-134-бб].

Мұхаммед с.ғ.а-ның мұсылмандарды Эфиопияға көшірудегі мақсаты, ислам дініне сенген қозғалыс өкілдерін аман сақтап қалу еді. Меккедегі өзге бай-қуатты мұсылмандардың Эфиопияға көшпеген себебі, олардың амандығына жоғарыда айтып өткен дәстүрлі тайпалық туысқаншылдық салттар кепіл болды. Эфиопияның христиан мемлекеті бола-тұра, Нажаси патшаның мұсылмандардың өз сенімнандарының негізінде өмір сүруге рұқсат беруі, кейінгі ғұламалардың ислам діні бойынша жоғары саяси ұйымдарды сыныптауда «дарус-сулх» тұрпатын жасауына негіз болды. Дарус-сулх дегеніміз – бір жоғары саяси ұйымның өзге діннің негізінде құрылғанымен ислам дініне оң көзқараста болып, мұсылмандардың өз нанымы бойынша өмір сүруіне рұқсат беретін мемлекетті айтамыз. Яғни, дарус сулх мемлекеті ислам дініне қысым көрсететін мдарул-һарб (кәпірстан) мемлекеті саналмайды. Меккедегі алғашқы мұсылман қозғалысы өкілдерінің осылайша христиан Эфиопия мемлекетімен жақсы мәміле орнатуы, бүгінгі уақыттағы зайырлы мемлекеттерді дарус-сулх саяси жүйесімен теңестіруге негіз болды.

Мұсылмандар 622 жылы Мәдинада тәуелсіз мемлекет құрғанға дейін, Меккедегі саяси ахуал екі тараптың текетіресі жағдайында өрбіді. Құрайыштықтар Мұхаммед с.ғ.а-ды дипломатиялық жолмен райынан қайтарғысы келіп, Меккенің билігін ұсынып көрді. Құрайыш аристократтары Мұхаммед с.ғ.а-ға: «Қаласаң Меккенің тізгінін қолыңа ал, бірақ исламды насихаттауыңды доғар» деп бірнеше рет ұсыныс жасады. Бірақ, Мұхаммед с.ғ.а-ның мақсаты Меккеге билік ету болмағандықтан, ол бұл ұсыныстан бас тартты [19, 101-б]. Құрайыштықтар Мұхаммед с.ғ.а-ды алған бетінен қайтара алмады. Меккенің беделдісі Утба ибн Раба да Мұхаммед с.ғ.а келіп пұтқа табынушылықты асыра дәріптеп, райынан қайтарғысы келгенмен, еш нәтиже шығара алмады [20, 80-б]. Керісінше, Иемендегі кейбір Нажран христиандары мен эфиопиялық христиандар Меккеге келіп, ислам дінінің жөнжосығын танып, исламды қабыл етті [7, 156-158-бб]. Ислам тек Меккеде емес, бірте-бірте Араб түбегіне қанат жайып, Сәлама араб тайпасының

адамдары ислам өз еріктерімен қабылдады [11, 102-103-бб].

Исламның бұлай дами бастауынан Құрайыш пұтқа табынушылары қауіптеніп, 617 жылы Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандарға соққы беру мақсатымен мынадай шешім (байкот) қабылдады:

1. Хашим, Мүталіп руынан қыз алуға тыйым салынады;
2. Хашим, Мүталіп руына қыз беруге тыйым салынады;
3. Хашим, Мүталіп руына ештеңе сатылмайды және олардан ештеңе сатып алынбайды [1, 74-б].

Құрайыш оппозициясының мұсылмандарға жасаған саяси, экономикалық байкоты ұзын-ырғасы үш жылдай уақытқа созылды [15, 243-б]. Меккенің билігі пұтқа табынушыларда болғандықтан, мұсылмандар байкотқа қарсы ешқандай бір шара жасай алмады. Оның бір себебі, бұл кезеңде Құранда және Мұхаммед с.ғ.а-ның сүннетінде мұсылмандық қозғалысты саясиландыратын үкімдер әлі айтылмаған болатын.

Сол кездегі Меккедегі Құрайыш тайпасы руларын діни-саяси ұстанымына қарай үш топқа бөлуге болатын еді:

1. Мұхаммед с.ғ.а мен мұсылмандар және оларға қорған болғандар;
2. Мұхаммед с.ғ.а-ға қарсы болып, исламды терістегендер (оппозиция);
3. Мұхаммед с.ғ.а-ның діни миссиясын қабылдамағанмен, оппозицияға еріп мұсылмандарға дұшпандық жасамаған бейтарап топ.

Тарихшы Жабири саяси ұстанымы әр түрлі Құрайыш руларын былайша жіктейді:

1. Мұсылмандар және оларға қорған болғандар – Хашим ұлдары, Мүталіп ұлдары, Таймия ұлдары, Зухра ұлдары, Адий ұлдары, Харис бин Фиһр ұлдары;
2. Оппозиция тобына- Абдишемс ұлдары, Нәуфал ұлдары, Әсад ұлдары, Амир ұлдары;
3. Бейтарап топқа – Мағзум ұлдары, Шамс ұлдары, Жұмақ ұлдары, Абдуддар ұлдары [21, 164-б].

Ибн Хишамның айтуына қарағанда Құрайыш тайпасының бейтарап тобының өкілдері мұсылмандар өз туыстары болған соң, оларға жасырын көмектесіп тұрған. Туыстарының қиын жағдайына төзбеген Құрайыш тайпасының бейтарап тобы өкілдері және оппозицияның кейбір өкілдері 620 жылы байкот шешімінің күшін жою туралы Дарун-Надуада мәселе көтеріп Әбужахил бастаған оппозицияны жеңіп шығып, мұсылмандарға жасалған саяси, экономикалық қысымның күші жойылды [3, 136-137-бб].

## Қорытынды

Мекке кезеңінде мұсылмандар үшін дәстүрлі тайпалық танымның тиімді де, тиімсіз де тұстары болды. Азаматтық және қылмыстық жауапкершілікте қасаң түрде тайпалық дәстүрдің сақталуы, сондай-ақ, зина жасау, қыздарды тірідей жерге көму, кісіге қиянат жасау, керуен-көш тонау, өлексе мал етін жеу секілді жабайы әдеттер исламдық танымға мүлде жат еді. Керісінше, Мекке кезеңінде мұсылмандардың жойылып кетпеуіне, дәстүрлі тайпалық танымдағы туысқаншылдық ұғым мұрындық болды.

Сонымен бірге, христиан дінін ұстанатын Хабашстан мемлекетінің үдере көшіп келген мұсылмандарға өз наным-сенімдерінің негізінде өмір сүруіне рұқсат беруі, кейін жоғары саяси ұйымдардың дінге қатынасына байланысты дарус-сулх, яғни, исламмен бейбіт ұстанымда қатынас жасаушы мемлекет деген жоғары саяси ұйым тұрпатының ортаға шығуына негіз болды. Жалпы, Мекке кезеңінде мұсылмандар мен пұтқа табынушылардың күресі текетірес жағдайда өрбігендігіне байланысты, бұл кездегі діни-саяси жағдайды өліара кезең деп қорытуға болады.

## Әдебиеттер

- 1 Ирвинг В. Жизнь Магомета. – М.: Амрита-Русь, 2004. – 288 с.
- 2 Гусейнов А.А. Великие Моралисты. – М.: Издательство «Республика», 1995. – 157 с.
- 3 Ибн Хишам. Мұхаммед Пайғамбардың Өмірбаяны. ТОО «ҚАБЛАН». – Алматы, 2004.
- 4 Muhammed Hamidullah. Islam Peygamberi. Çeviren Prof. Dr. Salih Tug. I. Cilt. – Istanbul, 1991. – 655 s.
- 5 Муртаза Бұлұтай Жүнісұлы. Ата-баба діні. – Алматы: Білім баспасы, 2000. – 504 б.
- 6 Рашит Хайламаз. Гонултахтымызынешшиз султаны ефендимиз саллалахуалейхуассалам. I том. – Ыстамбұл, 2006. – 664 б.
- 7 Соловьев В.С. Магомет, его жизнь и религиозное учение. www. Библиотека Вехи. – 2004. – 22 с.
- 8 Шифаеддин Севержан. Ислам дінінің алғашқы дәуірлерінде дін мен саясат арасындағы байланыстардың негізгі бағыттары // Ж. Естаевты еске алуға арналған «Бүгінгі дінтану мәселелері» атты ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2004. – 200 б.
- 9 Махмуд Шакир. Пайғамбарымыздың хаяты. Кахрамани айындары /аударған Ферит Айдын. – Ыстамбұл, 1994. – 476 б.
- 10 Шейх Хафиз ибн Ахмад әл-Хаками. Ислам Акидасы бойынша 200 сұрақ /аударған Үсен Шойбеков. – Алматы: Әл-баракат баспасы, 2005. – 262 б.
- 11 Али Химет Берки, Осман Кескиоғлу. Соңғы пайғамбар Хз.Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірбаяны / Қазақшаға аударған Сәуле Дағайқызы. – Анкара, 1998. – 447 б.
- 12 Мухаммед Рыза. Пайғамбарымыз бе Исламын доғушу. Темел нешраят. – Ыстамбұл, 1979. – 705 б.
- 13 Доц. Доктр. Али Осман Атеш. Ислама горе жажиленет бе еһли Китаб орф бу адетлер. – Ыстамбұл, 1996. – 544 б.
- 14 Шемшиддин. Иешил. Хз. Мухаммед алейхуссалату бе салла. Иайлажык Матбажылык. – Ыстамбұл, 1998. – 676 б.
- 15 Дамира Өмірзаққызы «Адамзаттың асыл тәжі». – Алматы, 2003, 1 том. – 248 б.
- 16 Ибнул Емин Махмуд Есад Шейдишехри. Ислам тарихы. 1 том. Иайлажын матбасы. – Ыстамбұл, 1983. – 592 б.
- 17 Ибнул Есир. Ислам тарихы. Баһар иайындары / аударған М. Вешин Ериарсой. II том. – Ыстамбұл, 1991. – 520 б.
- 18 Др. М. Сайд Рамазан ал-Бути. Фикхус-Сирие Жонжа / аударған Али Нар. – Ыстамбұл, 1984. 502 б.
- 19 Мұхиддин Исаұлы. Құран кімнің сөзі. – Алматы: Алтын қалам баспасы, 2004. – 252 б.
- 20 Ибн Кесир. Ал-Бидая бен-нихая Шағры иайындары / аударған Мехмет Кескин. – Ыстамбұл, 1994. – 496 б.
- 21 Жабири Мухаммед Абид. Исламда сиясал акыл. Китабеби иайындары / аударған Вежди Акиюз. – Ыстамбұл, 1997. – 746 б.

## References

- 1 Irving. V. Zhizn' Magometa. – M.: Amrita-Rus', 2004. – 288 s.
- 2 Gusejnov A.A. Velikie Moralisty. – M.: Izdatel'stvo «Respublika», 1995. – 157 s.
- 3 Ibn Hisham. Mұhammed Pajғambardуң Өmirbajany. TОО «ҚАБЛАН». – Almaty, 2004.
- 4 Muhammed Hamidullah. Islam Peygamberi. Çeviren Prof. Dr. Salih Tug. I. Cilt. – Istanbul, 1991. – 655 s.
- 5 Murtaza Bұлұтай Zhynisұly. Ata-baba dini. – Almaty: Bilim baspasy, 2000. – 504 b.
- 6 Rashit Hajlamaz. Gonultahtymyzyнешshiz sultany efendimiz sallalahualejhуassalam. I tom. – Ystambұл, 2006. – 664 b.
- 7 Solov'ev V.S. Magomet, ego zhizn' i religioznoe uchenie. www. Biblioteka Vehi. – 2004. – 22 c.
- 8 Shifaeddin Severzhan. Islam dinininiң alғashky дәuirlerinde din men sajasat arasyndary bajlanystardуң negizgi baryttary // Zh. Estaevty eske alufa arnalған «Bүgingi dintanu мәseleleri» atty ғыlymi konferencija materialdary. – Tүrkistan, 2004. – 200 b.
- 9 Mahmud Shakir. Pajғambarymyzдың hajaty. Kahramani ajynlary /аударған Ferit Ajdyn. – Ystambұл, 1994. – 476 b.

- 10 Shejh Hafiz ibn Ahmad әl-Hakami. Islam Aқidasy boјynsha 200 сұрақ / audarған Ysen Shojbekov. – Almaty: Әlbarakat baspasy, 2005. – 262 b.
- 11 Ali Himet Berki, Osman Keskioglu. Соңғу рајғамбар Hz.Мұһаммедтің (s.a.u.) өmirbajany / Қазакшаға audarған Sөule Darajkyzy. – Ankara, 1998. – 447 b.
- 12 Muhammed Ryza. Рајғамбарымыз be Islamyn dogushu. Temel neshraјat. – Ystambыл, 1979. – 705 b.
- 13 Doc. Doktr. Ali Osman Atesh. Islama gore zhahileiet be ehli Kitab orf bu adetler. – Ystambыл, 1996. – 544 b.
- 14 Shemshiddin. Ieshil. Hz. Muhammed alejhussalatu be salla. Iajlazhyk Matbazhylyk. – Ystambыл, 1998. – 676 b.
- 15 Damira Ömirzakkyzy «Adamzattyn asyl tazhi». – Almaty, 2003, 1 tom. – 248 b.
- 16 Ibnul Emin Mahmud Esad Shejdishehri. Islam tarihy. 1 tom. Iajlazhyn matbasy. – Ystambыл, 1983. – 592 b.
- 17 Ibnul Esir. Islam tarihy. Bahar iajynlary / audarған M. Veshin Eriarsoj. II tom. – Ystambыл, 1991. – 520 b.
- 18 Dr. M. Sajd Ramazan al-Buti. Fikhus-Sirie Zhonzha / audarған Ali Nar. – Ystambul, 1984. 502 b.
- 19 Mұhiddin Isayly. Құран kimniң sözi. – Almaty: Altyn kalam baspasy, 2004. – 252 b.
- 20 Ibn Kesir. Al-Bidaja ben-Nihaja Sharhy iajynlary / audarған Mehmet Keskin. – Ystambul, 1994. – 496 b.
- 21 Zhabiri Muhammed Abid. Islamda sijasal akyl. Kitabebi iajynlary / audarған Vezhdi Akijuz. – Ystambul, 1997. – 746 b.